

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Молодогвардейское ауылдық округі Молодогвардейское ауылында шектеу іс-шараларын енгізуге байланысты ветеринариялық режимін белгілеу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Молодогвардейское ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 16 шілдедегі N 4 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 19 тамызда N 2910 болып тіркелді. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Молодогвардейское ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 07 желтоқсандағы N 09 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Молодогвардейское ауылдық округі әкімінің 07.12.2015 N 09 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабына сәйкес, "Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Молодогвардейское ауылдық округі Молодогвардейское ауылының аумағында жылқылардың ринопневмония ауруы бойынша шектеу іс-шараларының ветеринариялық режимін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Солтүстік Қазақстан облысының Мағжан Жұмабаев аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысының 2014 жылғы 25 маусымдағы № 12-11/178 ұсынысы негізінде, Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Молодогвардейское ауылдық округінің әкімі **ШЕШТІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Молодогвардейское ауылдық округі Молодогвардейское ауылында жылқылардың ринопневмония ауруын айқындауына байланысты шектеу іс-шараларының ветеринариялық режимі белгіленсін.

2. Шектеу іс-шараларының ветеринариялық режимі ошақтарын жою жөніндегі ветеринарлық іс-шаралардың кешенін өткізу мерзіміне белгіленеді.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Молодогвардейское
ауылдық округі
әкімінің м.а.*

Г. Удодова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК